

БЕКІТІЛДІ
«Шоқан Уалиханов атындағы
Жекеменшік мектеп» ЖШС
Бас Директор
Тасмагамбетова А.И.



МЕКТЕПТІҢ ІШКІ САЯСАТЫ

«Мектептің ішкі саясаты» - Шоқан Уалиханов атындағы жекеменшік мектепте позитивті оқу мен оқыту ортасын сақтау мақсатындағы басты құжат болып табылады. Қызметкерлер мен оқушылар өзара қолда, қауіпсіздік және сыйластық жағдайында қызмет атқарып, білім алуға құқылы.

Ескерте:

- Мектептің ішкі саясатын сақтауга Мектеп қауымдастырының әрбір мүшесі жауапты.
- Мектеп әкімшілігі жыл сайын Мектептің ішкі саясатын (бұдан әрі – МС) қайта қарастыруға және өзгерістер енгізуге құқылы.
- Мектеп қауымдастырының әрбір мүшесі МС өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар білдіруге құқылы.

1. МАҚСАТЫ

Мектеп қоғамдастырының барлық мүшелері үшін мінез-құлыш және жүріс-тұрыстың стандарттарын орнату, келесі топтардың әрқайсысы ішінде біріккен:

- оқушылар;
- мұғалімдер, оқытуда көмекші қызметкерлер және администрация;
- ата-аналар (занды өкілдер).

2. МІНДЕТИ

- Жоғары сапалы білім берудің негізі ретінде Мектеп қауымдастырының барлық мүшелерінің табысты өзара әрекеттесуіне салауатты орта қалыптастыру;
- Әркімнің мінез-құлқы мен жүріс тұрысының жауапкершілігін қолдау және марапаттау;
- Мектеп қауымдастырының әр мүшесі өзін қорғаулы сезінуіне және ары мен намысына құрмет көрсетілетініне сенімді болуы үшін қолдау ниеттес болу және құрмет ахуалын қалыптастыру;
- Оқушылар үшін сыйақылар (көтермелей, марапаттау және т.б.) және тәртіптік жазалар жүйесін белгілеу;

- Оқу процесінің барлық субъектілері арасындағы түсініспеушіліктерді реттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету;
- Окүшілар, мұғалімдер мен ата-аналардың (занды өкілдер) жауапкершілік аймағына кіретін мінез-құлық стандарттарын ұстануды қолдау.

3. НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

- Өзіне, жеке шекараларына және айналасындағыларға құрмет;
- Сапалы білім алу үшін тең мүмкіндер беру;
- Баршаға ортақ құрмет пен теңдік;
- Бір-біріне қамқорлық таныту;
- Жақсы оқу үшін ынтымақтастықта болу;
- Окудан рахаттану;
- Дені сау және бақытты болу.

4. ПРИНЦИПТЕР

- Мектеп барлық оқүшіларға сапалы білім алу және даму үшін тең мүмкіндіктер мен қолдау көрсетеді;
- Мектеп оқүшілары, ата-аналар (занды өкілдер), мұғалімдер мен өзге де қызметкерлер арасындағы ынтымақтастықты дамытады;
- Қауіпсіздік пен денсаулық – мектепішілік қызметтің кез-келген түрінің басты шарты болып табылады;
- Мұғалімдер мен мектеп қызметкерлері оқүшіларға мінез-құлық пен жүрістүрыстың үлгісі болып табылады;
- Мектеп оқыту мен тәрбиелеуде әрбір балаға жеке көзқарасты ұстанады.

5. ОҚУШЫЛАРДЫҢ НЕГІЗІ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

5.1. Оқүшілар құқылы:

- 1) мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес негізгі білім бағдарламасы бойынша сапалы білім алуға;
- 2) адамның қадір-қасиетін және ар-намысын құрметтеуге зорлық-зомбылық пен жеке басын кемсітудің кез-келген түрінен қорғалуға; білім беру процесі барысында өмірі мен денсаулығының сақталуына;
- 3) қауіпсіз әрі қолайлы оқу ортасына;
- 4) білім беру процесі туралы, оның ішінде өзінің үлгерімі туралы акпарат алуға;
- 5) мектептің өзін-өзі басқару процесіне қатысуға;
- 6) мектептің білім беру және тәрбие ресурстарын пайдалануға;
- 7) өзінің шығармашылық қабілеті мен қызығушылығын дамытуға, сонымен қатар конкурстарға, олимпиадаларға, көрмелерге, байқауларға, спорттық іс-шараларға қатысуға;
- 8) оқудағы, шығармашылық пен спорттағы жетістіктері үшін марапатталуға;
- 9) әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық және медициналық көмек алуға;
- 10) оқүшіларға тікелей қатысы бар күжаттармен танысуға;

11) сабақ қызметін ұйымдастыру, факультативтер, санитарлық-гигиеналық қызмет көрсетуді жақсарту, тамақтану режимі мен сапасын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізуге.

5.2. Оқушылар міндетті:

1) мектеп ішіндегі және мектеп аумағындағы, ойын алаңдарында, экскурсиялар мен сыртқы сапар кезінде МІС талаптарын, Серіктестіктиң Бас директорының, мектеп әкімшілігінің және Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару ұйымдарының шешімдерін, 1-Мектеп директоры мен 2-Мектеп директорының бекіткен мектеп ережелерін, қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі ережелерін білуге және сақтауга;

2) білім беру процесі барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік пен педагог қызметкерлердің талаптарын қатаң сақтауга және орындауга;

3) мектепке білім беру процесінің тәртібіне сай келуге, маңызды себебі болмаса сабактан, оның ішінде үйірме сабактарынан да қалмауға, кешікпеуге және өткізіп алмауға;

4) ата-анасына (занды өкілдеріне) оку үлгерімі, тәртібі мектепішілік қызметті ұйымдастыру туралы хабардар етіп отыруға;

5) басқа оқушылардың қадір-қасиеті мен тең құқықтылығын, сондай-ақ діни, әлеуметтік және саяси нанымдарын құрметтеуге, өзге де жеке тұлғалардың құқықтарына қысым жасайтын немесе оларды бұзатын әрекеттерден аулақ болуға;

6) оку кезеңінде және оқушыны оқудан шығарғаннан кейін үш жыл бойы мектептің имиджіне, іскерлік беделіне және беделіне нұқсан келтіретін ақпаратты таратпауга;

7) тәртіпті болуға, мектепте және одан тыс жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтауга;

8) қажетті оку құралдарын, кітаптарды, дәптерлерді, күнделігін алып келуге, сабақ кестесіне сәйкес пәндер бойынша үй тапсырмаларын орындаپ келуге;

9) Шоқан Уалиханов атындағы Жекеменшік мектеп бекіткен мектеп формасы және оқушының сыртқы келбеті туралы ереже бойынша мектеп формасын кию талаптарын сақтауга (ары қарай-Мектеп формасы және оқушының сыртқы келбеті туралы ереже);

10) окуға саналы түрде қарауға, сабактарға уақытылы келуге, сабақ өтетін орындарда тәртіпті, тазалықты сақтауга, сабактарды өткізіп алған жағдайда тиісті мекемелерден ресми құжаттарды немесе ата-аналарынан (занды өкілдерінен) түсініктемесін әкелуге;

11) мұғалімдермен, ата-аналармен (занды өкілдермен), ересектермен, мектепке келушілермен кездесіп қалған жағдайда амандасуға және жол беруге;

12) мектеп қоғамдастырының барлық мүшелерімен сыпайы болуға, үлкендерге құрметпен қарауға, ізет көрсетуге;

13) өз денсаулығына қамқорлық жасауға, рухани және физикалық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуға;

14) мектеп мұлқіне ұқыпты қарауға, оның сақталуына қамқорлық жасауға, оқулықтар мен оқу құралдарына, аспаптар мен жабдықтарды (музыкалық аспаптарды, оқытудың техникалық құралдарын) және т.б. күтіп ұстаяға, мектеп мұлкін жарамды күйде ұстаяға, мектептегі, сабак өтетін сыныптарда және мектеп аумағанда тазалықты сақтауға;

15) оқушылардың не мектеп қызметкерлерінің денсаулығы мен әл-ауқатына қауіп төндіретін жағдайлар туындағанда, ол туралы мектеп әкімшілігін, мұғалімдерді, сынып жетекшісін құлағдар етуге;

16) жоғалған заттар үшін жауапты болуға, заттар мектеп аумағында жоғалған жағдайда, сондай-ақ табылғаннан кейін де сынып жетекшісін, ата-анасын (занды өкілін) дереу хабардар етуге.

5.3. Қауіпсіз әрі жайлы оқу ортасын қалыптастыру мақсатында оқушыларға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

1) Мектепке өзімен бірге:

• оқу процесіне қатысы жоқ кез-келген журналдар мен аудио/визуалды материалдар;

• смартфондар мен интерактив құрылғылар (1-6 сыныптар);

• смартфондар мен интерактив құрылғыларды мектеп қабырғасында пайдалануға (7-11 сыныптар);

• диктафондардың кез-келген түрін;

• ойын карталарын, кез-келген ойын-сауық мағынасы бар карталар;

• сіріңке, шақпақ және оңай тұтанатын заттар;

• кез-келген қару түрін және құрал-саймандарды, оның ішінде пышак, бәкі, өткір, кесетін, тесетін заттар;

• сағыз берен шемішке әкелуге.

2) сынып жетекшісінің арнағы рұқсатынсыз мектепке бөтен адамдарды шақыруға не ертіп әкелуге;

3) темекі (соның ішінде электрондық темекінің барлық түрлерін), пиротехникалық құралдарды, алкогольді ішімдіктерді, есірткі, психотроптық және улы заттарды әкелуге, тұтынуға, пайдалануға/қолдануға, таратуға, беруге;

4) балағат сөздерді қолдануға;

5) қандай нысанда болмасын өзге адамның қадір-қасиетін қорлауға;

6) мектеп формасы және сыртқы келбеті туралы ережені бұзуға;

7) діни сенімдерді уағыздауға не өзгелерге сендіруге;

8) мектептен және оның ауласынан, сабактан өз еркімен кетуге;

9) мектеп ғимаратына және оның аумағына тиым салынған орындардан кіруге/шығуға (эвакуациялық/авариялық кіру/шығу);

10) сабактан тыс уақытта мектеп қызметкерлерінің рұқсатынсыз мектепте не оның аумағында жүргуге;

11) сабак өтіп жатқанда мектептің дәлізінде жүргуге;

12) денсаулыққа қауіпті ойындарды ойнауға («бутерброд», аяқтан шалу, күресу, аударыспақ және т.б.);

13) әлдекіммен арақатынасты анықтау үшін күш көрсетуге, бопсалауға, қорқытып-үркітуге;

14) кімге де болса қандай да бір психологиялық қысым көрсетуге;

15) жыныстық сипаттағы кез-келген қатынасқа баруға;

16) денсаулыққа қауіпті синтетикалық сузыма, жабысқақ, шашылатын, үшкір ойыншықтар алып келуге;

17) өзімен бірге үй жануарларын, жәндіктерін және т.б. әкелуге;

18) ұрлық жасауға;

19) бөтен біреудің интеллектуалдық, шығармашылық, әрекетінің өнімін меншіктеп алуға;

20) сыртқы киімдерін және басқа да заттарын окушының жеке шкафынан басқа жерге тастауға;

21) жеделсатыны (лифт) мектеп қызметкерінің жетегінсіз пайдалануға;

22) тыйым салынған жерлерге кіруге/ мектеп ғимаратындағы (сервер бөлмесі, прекурсор, мұрағат, қоймалар, тұрақ орындары, доп ойнауга және т.б. тыйым салынған орындар).

Мектепте жоғалған не ұрланған заттарға мектеп әкімшілігі жауапкершілікте болмайды.

Тыйым салынған заттар анықталған жағдайда, олар мектептің кез-келген қызметкерімен тәркіленіп, қауіпсіз сақтау немесе жою үшін не одан әрі ата-анасына (занды өкіліне) табыстау үшін мектеп әкімшілігіне берілуі мүмкін.

6. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖҮРІС-ТҰРЫС ЖӘНЕ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРИ

6.1. Сыныптағы оқушының тәртібі:

1) Оқушылар сабакқа міндетті түрде орындалған үй тапсырмасын алып келеді.

2) Сабакта оқушылардың бір-бірінен көшіруіне/көшіртуіне немесе дұрыс жауаптарды сыйырлап айтударына қатаң түрде тыйым салынады.

3) Сабак уақыты тек оқу мақсатында пайдаланылуы керек. Сабак кезінде өзі де бөгде әңгімелерге, сабакқа қатысы жоқ шаруаларға алаңдап, өзгелерді де алаңдатуға болмайды.

4) Сабак кезінде ұялы телефон және оқу процесіне қатысы жоқ өзге де құралдарды пайдалануға болмайды.

5) Сабак кезінде мұғалімнің рұқсатынсыз сыныптан шығуға болмайды. Аса қажет болған жағдайда оқушы педагог қызметкерден рұқсат сұрауы керек.

6) Оқушылар тиісті оқу кабинеттеріндегі қауіпсіздік шаралары және өрт қауіпсіздігі ережелерін білуге және ұстануға міндетті.

7) Сабак біткеннен кейін оқушы мұғалімнің рұқсатымен сыныптан шығып кетуге қақылы.

8) Оқушы сыныпта кезекші болып тағайындалса, өз міндеттерін адал атқаруға тиіс.

6.2. Мектеп асханасындағы ережелер:

1) Мектеп ішінде тек асханада тамақтануға болады.

2) Оқушылар гигиена сақтауға: асханаға сыртқы киімсіз келуге және тамақтанар алдында қолын жууга тиіс.

3) Буфетте тек кезекпен қызмет көрсетіледі. Оқушылар асхана қызметкерлерінің талабына бағынып, тағам сатып алғанда тәртіп сақтауга тиіс.

4) Оқушылар мектеп асханасына асықпай, кезекті бұзбай келеді, асханада шулауға тыйым салынады.

5) Оқушылар тамақтанғанда абай болуы керек.

6.3. Сабактан тыс шаралар кезіндегі тәртіп ережелері:

1) Іс-шара өтер алдында оқушылар қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық өтуге міндетті.

2) Оқушылар жанындағы жүрген мұғалімнің не өзге де педагог қызметкердің нұсқауларын бұлжытпай орындауы, өзінің де, айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін кез келген әрекеттен аулақ болуы тиіс.

3) Оқушылар мектепте және одан тыс жерлерде жоғары мәдениеттілік үлгісін көрсете білуге, ұлттық дәстүрді құрметтеуге, табиғатқа, тарих және мәдениет ескерткіштеріне, жеке және ортақ мұлікке ұқыпты қарауға тиіс.

4) Жеке бас гигиенасын қатаң сақтап, денсаулығы нашарлап не жарақаттанған жағдайда уақытылы мұғалімге айту керек.

5) Қоршаған ортаны ластайтын материалдарды қолдануға тыйым салынады. Оқушылар табиғаттағы демалыс орындарында және іс-шаралар өткізу орындарында тәртіп сақтап, өзінен кейін қоқыс қалдырмай, жинап кетуге міндетті.

6.4. Ойын аландарындағы тәртіп ережелері:

Ойын аландарындағы жүріс-тұрыс, мінез-құлық ережелері сыныптағы ережелерге сәйкес. Оқушылар осы МІС ережелерімен танысып, оларды бұзудың салдары қандай болатынан білуге тиіс. Мектепке дейінгі және одан кейінгі уақыт осы тармаққа енгізілген.

Мектеп аумағындағы ойын аландарында оқушылар:

1) Мұғалімге, кураторларға мектептің барлық қызметкерлеріне құрметпен қарап, оның нұсқауларын бұлжытпай орындауға;

2) Ойын аландарын және турниктерді тек мақсаты бойынша пайдаланып таза ұстауға;

3) Қауіпсіз ойындар ойнап, кез келген мәселе туындағанда мұғалімге хабарлауға;

4) Белгіленген аумақтан шықпай ойнауға;

5) Тауып алған заттарын қауіпсіздік қызметінің қызметкеріне өткізуге (кузетке);

6) Үзілістен кейін сабакқа уақтылы келуге тиіс.

7. ОҚУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАУ

Оқуда жақсы нәтиже көрсетіп, шығармашылықта, спортта жеткен жетістіктері, қоғамдық өмірге белсенді араласқаны үшін оқушыларға мынандай марапаттар беріледі:

- алғыс жариянады;
 - құрмет граматосы не мақтау қағаздары;
 - мектеп стипендиясы.
- Окушыларды тұрақты түрде марапатау:
- ата-аналарға алғыс білдіру және жиналыстар мен арнаулы шараларда окушылардың жетістіктерін атап көрсету;
 - окушылардың жетістіктерін жергілікті БАҚ арқылы жариялау.

8. ОКУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛГІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БҰЗУДЫҢ ҮКТІМАЛ САЛДАРЫ

Тәртіп – бұл осы ұжымның барлық мүшелері үшін қатаң белгіленген тәртіпке бағынуы, ұжым мүшелерінің қарым-қатынас мәдениетін, пайдалы дәстүрлер мен мінез-құлық әдеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етуі (әдебиет көзі. Көсіптік білім беру. Сөздік)

Тәртіп бұзушылықтар 3 (ұш) түрге бөлінеді:

8.1. Женіл дәрежедегі тәртіп бұзушылықтар:

- 1) сабак барысында тәртіпті бұзу;
- 2) оқу үрдісінен алаңдататын сабакта гаджеттерді немесе баспа басылымдарын пайдалану;
- 3) оқу-тәрбие іс-шараларына кешігу;
- 4) мектеп формасы және окушының сыртқы келбеті туралы ережесінде қойылған талаптарды сақтамау, жарқын опа-далапты қолдану (бояну) және тырнағын бояу (маникюр), дене суреттерін, мәтіндерді (тату) және басқа да түрлерін денесіне салдыру және дөрекі көрінетін әшекейлер тағу;
- 5) мектептің тыйым салынған аймағына/орындарға кіру (сервер орналасқан жерге, прекурсор сақталатын орынға, мұрағатқа, қоймаға және т.б.);
- 6) мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз мектепте және оның аумағында оқу және сабактан тыс іс-шаралар кезінде смартфонды пайдалану;
- 7) мектепте және оның аумағында тазалықты сақтамау: сыртқы киім мен басқа заттарды жеке шкафтан тыс ұстау, асханадан тыс жерде тамақ немесе сусын ішу, белгіленбеген жерлерге қоқыс тастау және т.б..

8.2. Орташа дәрежедегі тәртіп бұзушылықтар:

- 1) «Женіл дәрежедегі тәртіп бұзушылықтарды» қайталап жасау (3-тен артық болған жағдайда);
- 2) бір оқу жылында **10 (он) күнге** дейін дәлелсіз себептермен негізгі сабактарды/қосымша сабактарды өткізіп алу;
- 3) мектептен және оның аумағынан немесе сабактан өз бетінше кетіп қалу;
- 4) балағат сөздерді қолдану арқылы немесе қимыл арқылы басқа адамның ар-намысын қорлау;
- 5) мектеп қоғамдастыры мүшелерінің жеке өміріне қатысты мәліметтерді оның алдын-ала келісімінсіз тарату, жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және жеке құпияны бұзу;

6) мектеп меншігіне (мұлікке және т.б.) немесе мектеп қоғамдастығының басқа мүшелерінің меншігіне қасақана немесе абайсызда закым келтіру;

7) оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің денсаулығы мен өмірлеріне қауіп төндіретін мән-жайларды жасыру;

8) мектептің имиджіне, іскерлік беделіне, абыройына нұқсан келтіретін ақпараттарды тарату.

8.3. Ауыр дәрежедегі тәртіп бұзушылықтар:

1) «орташа дәрежедегі тәртіп бұзушылықтарды» қайталап жасау;

2) бір оқу жылында **10 (он)** күннен артық дәлелсіз себептермен сабактарды өткізіп алу;

3) академиялық адалдықты бұзу, өзгенің зияткерлік, шығармашылық меншігін иемдену немесе тіркеу;

4) тоқсан қорытындысы бойынша немесе оқу жылының нәтижесі бойынша бір немесе одан да көп пәндер бойынша «қанағаттанарлықсыз» бағаға аяқтау;

5) үлттық/ моральдық құндылықтарды (әнұрандар, тулар және т.б.) құрметтемеуді көрсету/таныту;

6) мектеп қоғамдастығының кез келген мүшесін қорлау, физикалық немесе эмоционалдық жағдайда денсаулығына зиян келтіру, сондай-ақ қандай да бір психологиялық қысым көрсету;

7) мектеп меншігін немесе мектеп қоғамдастығының басқа мүшелерінің меншігін қасақана бұлдіру/материалдық залал келтіру;

8) темекі бұйымдарын, оның ішінде электрондық шылымдардың кез келген түрлерін, алып жүргуге және/немесе пайдалануға, таратуға, қолдануға, сатуға;

9) мектеп аумағында спирттік ішімдіктерді, алкогольді немесе рецептсіз препараттарды, сабакта алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде (оларға ұқсас) келуге және/ немесе оларды тарату, мектеп аумағында алып жүру, сату, пайдалану және қолдану және т.б.;

10) өзімен бірге кез келген түрдегі зансыз заттарды немесе зорлық-зомбылықты насиҳаттайтын немесе адамның ар-намысын қорлайтын материалдарды (материалдарды) алып жүру;

11) кез келген қауіпті заттарды (пышақ немесе өткір, кесетін, тесетін және т.б. заттар) алып жүру;

12) Мектеп Жарғысының, Буллингке қарсы кодекс ережелерін бұзу;

13) өзгені тегіне, әлеуметтік, мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша кемсітушілік;

14) діни көзқарастар мен нанымдарды насиҳаттау және сендіру, ұлтаралық араздықты қоздыру, агрессия мен зорлық-зомбылықты насиҳаттау;

15) үрлық және бопсалау;

16) Мектеп аумағында балағат сөздерді қоладну;

17) әкімшілік құқық бұзушылық жасау;

18) қылмыстық құқық бұзушылық жасау.

Ескерту:

* Егер окушының тәртіптік теріс қылышында қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болса, директор немесе мектеп әкімшілігі болған оқиға туралы ата-аналарға (занды өкілдерге) және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне хабарлайды.

*Негізді себептерге Окушының денсаулық жағдайына байланысты сырқаттанып қалуы, окушының жақын туыстарының қайтыс болуы, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-можор) жатады.

9. ТӘРТІП БҰЗУШЫЛЫҚТАР ОРЫН АЛҒАН ЖАҒДАЙДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР

8.1., 8.2. және 8.3. тармақтарда көзделген білім алушының немесе білім алушылардың тәртіп бұзушылықтары анықталған жағдайда. МІС бойынша «Бұзушылықтарды есепке алу парагы» осы МІС №1 қосымшаға сәйкес жасалады.

Құқық бұзушылықты тіркейтін бұл парақ құрастырылғаннан кейін одан әрі іс жүргізу үшін директордың орынбасарына беріледі.

9.1. Женіл дәрежедегі тәртіп бұзушылық орын алған жағдайда:

1) сынып жетекшісінің, пән мұғалімінің немесе психологтың окушылармен жеке әңгімелесуі;

2) нақты тәртіп бұзушылық фактілері бойынша Мектепте немесе белгілі бір сыныпта/сирниптарда түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

3) сынып сафаттарында және/немесе сыныптан тыс іс-шараларда тәртіп бұзушылықтың алдын -алу жұмыстарын жүргізу;

4) тыйым салынған заттарды алып қоюға және оларды окушының атанасына (занды өкілдеріне) қайтару немесе жою;

3 елеусіз бұзушылықтар (ескертулер) тіркелген жағдайда, педагог-ұйымдастыруши (сынып жетекшісі)/мұғалім №2 қосымшаға сәйкес ата-анасына (занды өкіліне) окушылардың тәртіпті бұзы фактісі туралы жазбаша хабарлама жолдайды, ата-анасын (занды өкілін) педагог-ұйымдастырушымен (сынып жетекшісімен) әңгімелесуге шақырады.

9.2. Орташа дәрежедегі тәртіп бұзушылық орын алған жағдайда:

1) Мектеп директорының орынбасарларымен окушылардың арасында жеке сұхбаттың болады;

2) окушыны волонтерлік жұмысқа, мектептің түрлі әлеуметтік жобаларына (көрме, жәрмеңке және т.б.) тарту, сыныпта сабактың қалыпты өткізуіне, тәрбие мен тәртіп, еңбек терапиясы тақырыбында презентациялар өткізуге кедергі келтірген мінез-құлыққа байланысты қосымша оқу тапсырмаларына жүктеме: үй-жайда демалыс аймақтарын жинау, стадион сенбілігі, футбол алаңы, кітапхана, киім ауыстыратын бөлмелер, жоғалған заттар бөлмелері, оқу кабинеттері және т.б.;

3) мектептің мүлкіне және/немесе мектеп қоғамдастырының басқа мүшелеріне (басқа окушыларға, педагогтерге, мектептің әкімшілік-басқару және/немесе техникалық персоналына) бүлінген немесе материалдық залал

келтірілген кезде оқушының ата-анасы (занды өкілі) келтірілген залалды толық өтеу жолымен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен толық материалдық жауаптылықта болады, оның ішінде мектеп қоғамдастырының мектеп берген оқу жабдықтарына, Компьютерлік техникаға зиян келтірсе, сондай-ақ мектептің кітапхана қорына (кітапхананың оқу залынан әдебиеттерді өз бетінше шығару, кітаптарды бұлдіру/беттерді жырту, кітапты кітапханаға уақтылы қайтармау, кітаптарды, графикалық планшетті, оқу-әдістемелік құралдарды жоғалту түрінде материалдық залал келтіру* және т.б.) оқушының ата-анасы (занды өкілі) көтереді.

*Ескерте: *оқушыларға кітаптардың, графикалық планшеттің, оқу-әдістемелік құралдардың немесе басқа да материалдық құндылықтардың жоғалуы турінде мектепке материалдық залал келтірілген жағдайда, ата-ана (занды өкіл) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шарттарында осындай нұсқаны қалпына келтіреді немесе оны қалпына келтіруге жүмсалған шығындарды екі есе мөлшерде өтейді.*

Ұйымдастыруши педагог (сынып жетекшісі)/мектеп әкімшілігі) орташа дәрежедегі тәртіп бұзушылық жасағаны немесе жеңіл дәрежедегі тәртіп бұзушылықтар жасағаны үшін ата-анасына (занды өкіліне) тәртіп бұзғаны туралы №3 қосымшаға сәйкес оқушыларға жазбаша хабарлама жіберіп, ата-анасын (занды өкілін) директордың орынбасарымен кездесуге шақырылады.

9.3. Ауыр дәрежедегі тәртіп бұзушылықтар орын алған жағдайда:

1) мектеп директорының оқушылармен және ата-аналармен (занды өкілдермен) жеке әнгімесі;

2) мектеп директорының оқушылардың тәртіпті бұзуы фактісі бойынша педагогикалық кеңеске сұрақ қоюы;

3) мектеп әкімшілігінің оқушылардың тәртіптік бұзушылықтарын педагогикалық кеңесте қарауы;

4) педагогикалық кеңестің шешімімен, оқушыға тәртіптік бұзушылық үшін шара қолдану туралы шешім қабылданады. Оның тәртіп бұзушылық жасауының нақты дәлелдері бар материалдар негізінде мектеп директорының жазбаша бұйрығымен ресімделеді.

Ауыр дәрежедегі тәртіп бұзушылық үшін мектеп әкімшілігі / директордың орынбасары оқушыларға тәртіпті бұзу фактісі туралы №4 қосымшаға сәйкес ата-анасына (занды өкіліне) жазбаша хабарлама жолдап, ата-анасын (занды өкілін) мектеп директорына әнгімелесуге шақырады.

9.1., 9.2., 9.3., - тармақта көрсетілген хабарламалардың барлық түрлері жазбаша нысанда қағаз арқылы немесе электрондық құжат нысанында және жеке не электрондық пошта немесе өзге де ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (WhatsApp, telegram, т.б.) арқылы берілуі мүмкін. Хабарламаны беруге жауапты мектеп қызметкері хабарламада берілген күні мен жіберу әдісін көрсетеді.

10. ОҚУШЫНЫ МЕКТЕПТЕН ШЫҒАРУДЫҢ НЕГІЗІ МЕН ТӘРТІБІ

10.1. Оқушыны Мектептен шығару келесі негіздер бойынша жүргізіледі:

1. Оқушының Ата-анасының (Занды өкілдерінің) өтініші бойынша;
2. Баланың мектепте болуына кедергі келтіретін денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды бойынша;
3. Оқушының үлгерімі төмен болған жағдайда – бір немесе бірнеше оку пәні бойынша оқу жылын «қанағаттанарлықсыз» бағаға аяқтаған жағдайда;
4. Осы МСЕ ережелерін, Мектеп Жарғысының, мектептің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын жүйелі түрде бұзған жағдайда, сондай-ақ оқушының Ата-анасы (Занды өкілі) тарапынан өтеулі білім беру қызметтерін көрсету шартының (бұдан әрі – Шарт) талаптарын бұзған жағдайда;
5. Оқу акысын төлеуді жүзеге асырмаған кезде, бір айдан астам төлем бойынша берешегі болған кезде.

10.2. Оқушыны мектептен шығару тәртібі.

1. МСЕ-нің 10.1-бөлімінің 1) және 2) тармақтарында көрсетілген мәнжайлар бойынша оқушыны оқудан шығару. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен Шарттың талаптарын сақтай отырып, Ата-анасының (Занды өкілінің) жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады.
2. МСЕ-нің 10.1-бөлімінің 3) және 4) тармақтарында көрсетілген мәнжайлар бойынша оқушыны оқудан шығару. Мектептің педагогикалық кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.
3. Педагогикалық кеңестің отырысына оқушыны оқудан шығару мәселелері бойынша тек пән мұғалімдері, үйымдастыруышы-педагогтар (сынып жетекшілері), сыныптан тыс жұмыстардың кураторлары және қажет болған жағдайда осы Оқушының оқу-тәрбие қызметіне тікелей қатысатын Мектептің Педагогикалық Кеңесі қатарынан басқа да Педагог қызметкерлер шақырылады. Мектептің Педагогикалық Кеңесінің мүшелерінің бұл отырысқа қатысуы міндетті. Егер осы отырысқа қатысушылардың саны кемінде 7 (жеті) адамды құраса, кворум қамтамасыз етілген болып есептеледі.
4. МСЕ-нің 10.1-бөлімнің 5) тармағына сәйкес оқушыны оқудан шығару ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттың талаптары бойынша жүзеге асырылады.
5. Оқушыны оқудан шығару Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мектептің Педагогикалық Кеңесінің шешімі негізінде мектеп директорының бұйрығымен ресімделеді.

11. ҚЫСЫМ МЕН ҚУДАЛАУ

Мектеп оқушының сапалы білім алуына, тұлғалық қалыптасуына және өзін-өзі жоғары бағалай білу қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ететін қауіпсіз де қамқор орта қалыптастырады. Сәйкесінше, оқушыларға қысым көрсету мен қудалаудың кез келген формасы қауіпсіздік пен этика талаптарының бұзылуына жатады және оған қандай жағдайда да жол берілмейді.

Мектепте зорлық-зомбылық, қысым көрсету мен қудалауға жол бермеу ережелері сакталады. Оқу процесіне қатысушылардың бәрі – мектептің әкімшілік, педагог және техникалық қызметкерлері, оқушылар мен олардың ата-аналары (занды өкілдері) – этикалық нормаларды, қауіпсіздік ережелерін, булингке қарсы мінез-құлық ережелерін ұстану арқылы мектептегі достық әрі қауіпсіздік ахуалы қалыптасуына үлес қосады.

Тәртіп бұзудың барлық жағдайларын мектеп әкімшілігі мүқият зерттейді. Тергеу қорытындысы бойынша аталған орган тарапынан тиісті шаралар қабылданатын болады.

12. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

Шоқан Уәлиханов атындағы мектепте «академиялық адалдық» термині ғылыми/академиялық жұмыста абсолютті әділдік пен адалдық принциптеріне жүргіну дегенді білдіреді. Мектепте академиялық адалдықты кез келген формада бұзуға тыйым салынады.

1) Академиялық адалдықты бұзу формалары:

Алдау

Алдау – оқу процесіне емтихан кезінде шпаргалка қолдану, өзгенін жұмысын көшіріп алу не емтихан кезіндегі оқушылар арасындағы рұқсат етілмеген кез келген ақпарат алmasу түрі.

Адастыру

Адастыру – оқытушыға академиялық жұмыстың орындалу барысы туралы жалған ақпарат беру. Адастыруға мысал маңызды себебі болмаса да, академиялық жұмысты тапсыру мерзімін шегеруді сұрау, жобаны орындағанын ақтап алмақ болу жатады.

Фальсификация

Академиялық жұмыста мәліметтерді, ақпаратты немесе цитаталарды фальсификациялау. Бұған цитаталарды ойдан шығару, жобаның жалған қорытындыларын ұсыну, экспериментті жүргізу үшін статистикалық деректерді бұрмалау жатады.

Плагиат

Плагиат – өзге автордың тілін не ойларын пайдалану не өз түпнұсқа жұмысы ретінде ұсыну (Random House, Compact Unabridged Dictionary, 1995). Мысалы, өзге автордың (адам, топ не ұйым) түпнұсқа интеллектуалдық меншігін (идея, әдістер, мәліметтер, сөздер не сөйлемдерді) тиісінше белгілеп көрсетпей қабылдау не көрсету. Бұл нақты бір сөйлем не фразаны меншіктеп алу, өзге адамның оригинал идеясын өңін өзгертіп, авторын көрсетпей алу, сондай-ақ онлайн материалды дереккөзіне сілтеме бермей көшіріп алу болуы мүмкін.

2) Плагиатты болдырмау жолдары.

- **Тырнақша.** Өзге адамның сөзінен цитата келтіретін болсаңыз, тырнақшага алып, дереккөзін көрсетіңіз.
- **Қайта фразалау.** Өзгенің ойын өз сөздерінізді араластыра отырып өзгертсөңіз, оригиналдың авторын көрсетуіңіз керек.

- **Визуалды материалдар.** Статистика, зерттеу графиктері не диаграммаларды келтірсөніз, дереккөзін көрсетіңіз.

Ескерте:

Өзгенің жұмысын менишіктеп кетпегеніңізге көз жеткізу дің ең оңай жолы – зерттеу немесе жоба жасу барысында «туртіп алу» машины. Интернеттегі дереккөздерді пайдаланған жағдайда, қай сайттарға жүргінгеніңді ұмытып қалмау үшін, сілтемелерін көшіріп алып сақтаң отыру керек. Жүгінген дереккөздеріңіздің бәрін міндетті түрде тізіп көрсетіп отырыңыздар.

Жұмыс барысында сілтемелерді қадағалап отыруга мүмкіндік беретін ыңғайлы онлайн сервистер өте көп. Мысалы, Son of Citation Machine пайдаланып көруге болады. Ескертелерді сақтаң отыру абайсызда плалиатқа ұрынудан қорғап қана қоймай, сол дереккөзге кейін де қайта оралып, қосымша ақпарат алып не бар мәліметті тексеруге мүмкіндік береді.

3) Плагиаттың салдары

Плагиат – құқық бұзы санатына жатады, оның арты нақты білім/пән бойынша бағаның жоққа шығарылуы, тіпті оку орнынан шығарып жіберу сынды салдарға соқтыруы мүмкін.

13. ОҚУШЫЛАРДЫҢ АТА-АНАСЫНЫҢ (ЗАНДЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ) ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

Қоғамда қабылданатын мінез-құлықты дамыту – оқушылардың, ата-аналардың және мұғалімдердің ортақ жауапкершілігі. Мектеп жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларын, адамзатқа ортақ құндылықтарды қалыптастыру үшін мектеп пен ата-аналардың (занды өкілдердің) бірлесе жұмыс істегенін көздейді.

13.1. Ата-ана (занды өкіл):

- 1) Мектеп жұмысын жақсартуға ұсыныстар айтуға;
- 2) Баласының оку үлгерімі, тәртібі және оку жағдайлары жөнінде ақпарат алуға;
- 3) Оқушының мұддесі мен құқығын қорғауға;
- 4) Оқушыны басқа мектепке ауыстыруға;
- 5) Келісімшарт негізінде оқушылар үшін қосымша білім беру қызметтерін алуға қақылы.

13.2. Ата-ана (занды өкіл):

- 1) Ата-аналарға (занды өкілдерге) қатысты МІС ережелерінің шарттарын ұстануға және мектептің талаптарын орындауға;
- 2) Оқушыны оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша мектеппен ынтымақтасуға;
- 3) Оқушыны зиянды әдептерден сактандырып, оның денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамкорлық көрсетуге;
- 4) Оқушының өмір сүруі мен оқуына жайлы да қауіпсіз жағдай жасауға, оның интеллектуалдық және дene мүмкіндіктерін дамытуға, ар-ожданы қалыптасуын қамтамасыз етуге;

- 5) Оқушының аптаның әр қуніндегі оқу жүктемесіндегі сабак кестесін біліп отыруға;
- 6) Оқушының мектепке уақытында, кем дегенде сабак басталардан 10 минут бұрын келуін қамтамасыз етуге;
- 7) Оқушы мектепке оқу процесіне қатысы жоқ заттар әкелмеуін қадағалауға және МІС ережесінде тыйым саллынган затарды;
- 8) Оқушыны сабак кезінде ұялы телефонына хабарласып мазаламауға;
- 9) Оқушының мектептегі сабактан қалмауын қамтамасыз етуге, сабактан қалған жағдайда басқа амалы болмағанын дәлелдейтін құжаттар ұсынуға;
- 10) Оқушының үй мен мектеп арасындағы жолда өміріне қауіп төнбеуін қамтамасыз ету;
- 11) Оқушының табысты оқу-тәрбие жұмысына қажет құралдармен, оның ішінде мектеп формасымен, белгіленген үлгідегі спорт формасы, АӘД сабактарына арналған форма, еңбек сабактарына арналған формамен қамтамасыз етуге;
- 12) Ата-аналар жиналышына қатысуға және әр тоқсан сайын оқушының үлгерім табеліне қол қоюға;
- 13) Аптасына кем дегенде бір рет электрондық журнал арқылы баланың оқу үлгерімін және мұғалімдердің есептерін қадағалап отыруға;
- 14) Оқушыға міндетті профилактикалық екпе салдырудан бас тартқан жағдайда мектептің медицина кабинетіне медициналық шегеру туралы құжат әкелуге немесе мектеп директорының атына екпеден бас тартатыны жөнінде жазбаша арыз жазуға;
- 15) Мектептің дәстүрлері мен беделіне қолдау көрсетуге;
- 16) Мектептің педагогтары мен өзге де қызметкерлерінің ары мен намысына құрметпен қарауға;
- 17) Оқушының қандай да бір әрекеттері салдарынан мектепке, мектеп қауымдастырылған мүшелеріне, өзге жеке не занды тұлғаларға келген зиянды өтеуге;
- 18) Мектепке жапсарлас аумақта жолда жүру ережелерін ұстануға;
- 19) Мектеп әкімшілігінен, педагог-ұйымдастырушыдан (сынып жетекшісі) мектепке шақыру туралы хабарлама алған кезде мектепке келуге **міндетті**.

14. Қорытынды ереже

14.1. Осы «Мектептің ішкі саясаты» Ережесі 2024 жылдың 01 наурызынан бастап қолданысқа енгізіледі.

№1 Қосымша
"Мектептің ішкі саясаты" Ережесіне 29.02.2024 ж.

Тәртіп бұзушылықты тіркеу парагы

Оқушының ТАӘ:	Тәртіп бұзушылық туралы хабарлаған қызметкердің/оқушының ТАӘ:
Сыныбы:	Оқиға орын алған жер:
Күні:	Уақыты:
Қабылданған шаралар:	
Тәртіп бұзушылықтың сипаты:	
Сынып жетекшісі хабардар етілді Иә <input checked="" type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>	
Мұғалімнің ТАӘ: _____ / _____ / (қолы)	
Сынып жетекшісінің ТАӘ: _____ / _____ / (қолы)	
Директордың орынбасарының ТАӘ: _____ / _____ / (қолы)	

№2 Қосымша
"Мектептің ішкі саясаты" Ережесіне 29.02.2024 ж.

Ата-анасына (Занды өкіліне)

_____ «_____» сыйныбының оқушысы

Хабарлама
ішкі нормативтік құжаттардың бұзылуы туралы

Сіздің ұлыңыз/ қызыңыз _____
оқушының ТАӘ _____ сыйнып, Мектептің ішкі саясатының (ары қарай –
MIC) «_____»
тармағының _____ тармақшасын бұзды.

2.3.14., 2.3.15. - тармақтарға сәйкес, Ақысы төленетін білім беру
қызметтің көрсету шарты бойынша ата-аналар (занды өкілдер) MIC-н сақтауға
және оқушының мектептегі және оның аумағындағы мінез-құлқына жауапты
булуға міндетті.

Сондай-ақ MIC 9.1-тармағына сәйкес Сізді ұйымдастыруышы-педагогпен
(сынып жетекшісімен)/мұғаліммен кездесу үшін мектепке шақырамыз.

«_____» 202____ г.

Ұйымдастыруышы-педагог (сынып жетекшісі)/мұғалім ТАӘ

Мектеп-1 /Мектеп-2 директоры _____

№3 Қосымша
"Мектептің ішкі саясаты" Ережесіне 29.02.2024 ж.

Ата-анасына (Занды өкіліне)

_____ «_____» сыйныбының оқушысы

Хабарлама
ішкі нормативтік құжаттардың бұзылуы туралы

Сіздің ұлыңыз/ қызыңыз _____
оқушының ТАӘ _____ сыйнип, Мектептің ішкі саясаты (ары қарай – MIC)
«_____» тармағының
_____ тармақшасын бұзды.

2.3.14., 2.3.15. -тармақтарға сәйкес Ақысы төленетін білім беру
қызметін көрсету шарты бойынша ата-аналар (занды өкілдер) MIC-н сақтауға
және оқушының мектептегі және оның аумағындағы мінез-құлқына жауапты
болуға міндettі.

Сондай-ақ MIC 9.2-тармағына сәйкес Сізді директордың орынбасарымен
кездесу үшін мектепке шақырамыз.

«_____» 202____ г.

**Директордың орынбасарының/педагог-ұйымдастыруышының (сыйнип
жетекшісі) ТАӘ _____**

Мектеп-1 /Мектеп-2 директоры _____

№4 Қосымша
"Мектептің ішкі саясаты" Ережесіне 29.02.2024 ж.

Ата-анасына (Занды өкіліне)

«_____» сыйныбының оқушысы

Хабарлама
ішкі нормативтік құжаттардың бұзылуы туралы

Сіздің ұлыңыз/ қызыңыз _____
оқушының ТАӘ _____ сыйып, Мектептің ішкі саясаты (ары қарай – МІС)
«_____» тармағының _____ тармақшасын бұзды.

2.3.14., 2.3.15.-тармақтарға сәйкес Ақысы төленетін білім беру қызметін
көрсету шарты бойынша ата-аналар (занды өкілдер) МІС-н сақтауға және
оқушының мектептегі және оның аумағындағы мінез-құлқына жауапты болуға
міндettі.

Сондай-ақ МІС 9.3-тармағына сәйкес Сізді мектеп директорымен
кездесу үшін мектепке шақырамыз.

«_____» 202____ г.

Директордың орынбасарының ТАӘ

Мектеп-1 /Мектеп-2 директоры